



Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABIUNIVERSITY

№35 (1901) 18 ҚЫРКҮЙЕК 2023 ЖЫЛ

Ректор Шанхайда халықаралық форумға қатысты



Қытайдың Шанхай қаласында Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) елдері заң университеттері қауымдастығының форумы өтті. Шанхай ынтымақтастық ұйымы үшін халықаралық құқықтық дайындық және ынтымақтастық орталығының құрылғанына 10 жыл толуына орай ұйымдастырылған шараға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қатысты.

Форум Шанхай саяси-заң университетінің базасында өтті. Салтанатты шарада университет ректоры, ШЫҰ (ҚХР) үшін халықаралық құқықтық дайындық және ынтымақтастық орталығы аппаратының басшысы Лю Сяохун ханым сөз сөйледі. Сондай-ақ форум

қатысушыларының алдында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері мен ұжымы атынан университет ректоры Жансейіт Түймебаев баяндама жасады. Ректор ШЫҰ елдерінің жан-жақты ынтымақтастығын жақсарту және әлеуметтік-экономикалық, құқықтық өзара

іс-қимылын нығайту үдерісіндегі жетекші университеттердің атқарар ролін ерекше атап өтті.

Бүгінде ҚазҰУ өңіраралық ынтымақтастықты нығайту, ШЫҰ елдерінің (Қытай, Ресей және Орталық Азия) университеттерімен ғылыми және білім беру кеңістігін дамыту бойынша көптеген жұмыстар атқаруда.

ҚазҰУ Тұрақты даму мақсаттарының «Академиялық ықпал» БҰҰ бағдарламасының Жаһандық хабын басқарады.

Жалғасы 2-бетте

Серіктестіктің жаңа бағыттары айқындалды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Анкара әлеуметтік ғылымдар университетінің ректоры Муса Казим Арыджанмен кездесті.



Кездесуде тараптар екі университет арасында әріптестік байланыс пен өзара түсіністік туралы келісімге қол қойды. Онда білікті кадрларды даярлау, студент және оқытушылар алмасу, ғылыми бағытта бірлесіп зерттеулер жүргізу, серіктестікті дамыту шаралары көзделген.

Жүздесуде университет бас-

шысы Жансейіт Түймебаев бауырлас елдер арасындағы өзара тығыз ынтымақтастықтың жоғары деңгейде екенін атап өтіп, ҚазҰУ-дың жетістік-

тері мен алдағы жоспарлары туралы айтты.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1-курс білімгерлерін «Студенттер қатарына қабылдау» салтанатты кеші өтті. Кешке мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар, қаламгерлер, кәсіпкерлер, қаржыгерлер, журналистер, блогерлер, эстрада жұлдыздары арнайы шақырылды.

Студенттер қатарына қабылдау салтанаты



Салтанатты шараға сондай-ақ шетелдік дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекеме басшылары, оқытушы-профессорлар қауымы мен білім алушы жастар қатысты.

Дәстүрлі мереке Өнүранды орындаумен басталды. 16 факультеттің өкілдері – университет табалдырығын жаңа аттаған жастар арнайы шерумен жүріп өтті.

Салтанатты шараны ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев барша қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

Ректор Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың биылғы отырысында сөйлеген сөзінде: «Әділетті Қазақстан» және «Адал азамат» ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс. Адал азаматқа төн қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек. Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады», – деп атап өткеніне айрықша тоқталды.

«Биыл ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруға ұмтылған 7436 талапкер ҚазҰУ-ға 1-курсқа қабылданды. Оның 4000-нан астамы мемлекеттік грант иелері. Бірінші курс студенттерінің арасында 637

«Алтын белгі» иегерлері мен 267 үздік оқушы бар. Магистратураға – 1340, докторантураға 278 адам түсті», – деді ҚазҰУ ректоры. Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне 1098 адам қабылданды. ҚазҰУ жаңа оқу жылына жалпы саны 10 152 адам қабылдады. Қазіргі таңда ҚазҰУ-да 25 мыңға жуық студент бар, оның 2,5 мыңға жуығы әлемнің 50 елінен келген шетелдік студенттер», – дей келе, ректор университет тарихының маңызды кезеңдері мен қызметінің нәтижелерін де атап өтті.

Биыл университетте 36 жаңа білім бағдарламасы енгізілді. Атап айтсақ: «Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар», «Өнер және гуманитарлық ғылымдар», «Денсаулық сақтау», «Жаратылыстану, математика және статистика», «Машина жасау, өңдеу және құрылыс салалары», «Педагогикалық ғылымдар».

Биыл жазда Ақтау қаласында өткен универсиадада ҚазҰУ спортшылары 39 алтын, 27 күміс, 22 қола медальға қол жеткізіп, кеш бастады. Қытайдың Чэнду қаласында өткен жазғы универсиада жарысында да жас спортшыларымыз жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Жалғасы 8-бетте



Әкім Тарази
шығармаларындағы
күрес

3 >>



Су ресурстарын
ұтымды
пайдаланудың
экономикалық
мүмкіндіктері

4 >>



Тұлға
тудыратын
басылым

5 >>

Қытай Халық Республикасында Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) елдерінің заң университеттері қауымдастығының форумы қарсаңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Шанхай саяси-заң университетінің ректоры Лю Сяохунмен кездесті.

Қытай университетімен келісім жасалды



Жүздесуде ҚазҰУ ректоры университеттің қызметі мен жоспарлары туралы айтып, ҚХР жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың стратегиялық маңыздылығына назар аударды. Сондай-ақ ректор Лю Сяохун ханымға арнайы ұйымдастырылған форум үшін алғыс білдірді.

Бүгінде ҚазҰУ ҚХР-дың 50 жоғары оқу орны және ұйымдарымен ынтымақтастық орнатқан. Бірқатар стратегиялық құжаттарға қол қойылды. Атап айтсақ, ҚазҰУ базасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ашу бойынша ынтымақтастық туралы келісім; Қытай – Қазақстан бірлескен қашықтықтан зондтау технологиялары және оларды қолдану зертханасын Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының География және экология институтымен ынтымақтастық құру туралы келісім; Солтүстік-батыс политехникалық университеті мен ҚазҰУ арасында «Бір белдеу – бір жол» электрондық коммерция саласындағы таланттарды даярлау орталығын бірлесіп құру туралы келісім. Шэньчжэнь университеті және басқа да ЖОО-лар өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

2019-2022 оқу жылдарында ҚазҰУ-дың 79 білім алушы жастары академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша ҚХР университеттерінде білім алып, ғылыми тағылымдамадан өтіп, ондағы жазғы мектептерге қатысты. Бүгінде ҚазҰУ-да 401 қытайлық студент білім алады. Университетте шығыстану факультеті жанындағы Қытайтану кафедрасы, Конфуций институты жұмыс істейді.

Жүздесу аясында тараптар екі ел арасындағы құқықтық зерттеулерді тереңдетуге, халықаралық жария құқық, гуманитарлық және техникалық бағыттар бойынша қосдипломды білім беру бағдарламаларын іске асыруға, қос жоғары оқу орнының ғылыми мектептері арасында құқықтық зерттеулер саласында бірлескен ғылыми семинарлар ұйымдастыруға бағытталған ынтымақтастықты нығайту жөніндегі жол картасын бірлесіп әзірлеу мәселелерін қозғады.

Кездесу соңында ҚазҰУ мен Шанхай саяси-заң университеті арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Ректор Шанхайда халықаралық форумға қатысты

Соңы. Басы 1-бетте

Ағымдағы жылдың мамыр айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сиань қаласына мемлекеттік сапары аясында ҚазҰУ-дың ҚХР жоғары оқу орындарымен ынтымақтастығын тереңдетуге ықпал ететін құжаттарға қол қойылды. ҚазҰУ жаңа Жібек жолы университеттері альянсының үйлестіру комитетінің мүшесі болып табылады және қазіргі заманғы IT технологияларды қолдана отырып, білім, ғылым және инновациялар саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған бірқатар жобаларды іске асырады.

ҚазҰУ мен Қытай университеттері арасында академиялық ұтқырлық бағдарламасының аясы кең. Оның негізінде ҚазҰУ-да 401 қытайлық студент білім алады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азия университеттерімен тығыз байланыс орнатқан. ШЫҰ университеттерімен ҚазҰУ-дың заң факультеті арасындағы ынтымақтастықты ерекше атап өткен жөн.

ҚазҰУ-дың заң факультеті халықаралық және өңірлік ынтымақтастыққа қатысатын белсенді құрылымдық бөлімшелердің бірі болып табылады. Факультет Пен-



сильвания университетімен (АҚШ), Висмар университеті (ГФР) және Баку мемлекеттік университетімен (Әзірбайжан) қосдипломдық бағдарламалар бойынша мамандар даярлауда.

«ШЫҰ елдерінен заң факультетінде Қытай, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан мен Қырғызстаннан 155 студент білім алады. Факультет ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми зерттеулерінің, сондай-ақ көптеген халықаралық ғылыми жобалардың белсенді қатысушысы болып табылады. Мәселен, заң факультетінің ғалымдары ШЫҰ-ға арналған заң қызметтері жөніндегі комиссия жанындағы алмасу және ынтымақтастық ор-

талығының бас хатшысы Цзян Сяоан мырзаның өтініші бойынша Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасы мен Қазақстанда жүргізіліп жатқан конституциялық реформалардың жай-күйіне көлемді ғылыми шолуды аяқтады. Мен осы жұмысқа қолдау көрсетіп, одан әрі ынтымақтастыққа үміттенеміз», – деп атап өтті ректор.

Сондай-ақ ол өз сөзінде ШЫҰ университеттерінен саралау көрсеткіштері мәселелерін де қозғап, ШЫҰ елдері университеттерінің рейтингін әзірлеуді ұсынды. ШЫҰ аясындағы жоғары білім саласындағы интеграцияға байланысты мәселелер мен оның шешу жолдары атап өтілді.

Сөз соңында ҚазҰУ ректоры келесі жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің 90 жылдық мерейтойын атап өтетінін айтып, аталған шара аясында ШЫҰ елдерінің заң жоғары оқу орындары қауымдастығының келесі отырысын Алматы қаласында, ҚазҰУ базасында өткізуді ұсынды.

Форум аясында жоғары білікті мамандарды даярлау бойынша кеңес және панельдік отырыстар өтті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Серіктестіктің жаңа бағыттары айқындалды

Соңы. Басы 1-бетте

«ҚазҰУ – Орталық Азиядағы көшбасшы университет. 2022 жылы Ыстамбұл университетінде ҚазҰУ филиалы ашылды. Университетте 1996 жылдан бері ТҮРКСОЙ кафедрасы табысты жұмыс істеп келеді. Түркияның жоғары оқу орындарымен серіктестік күн санап артып келеді. Бүгінгі келісім алдағы уақытта Анкара әлеуметтік ғылымдар университетімен ынтымақтастықты арттыруға, бірлесіп жұмыс істеуге зор мүмкіндік береді деп сенемін», – деді Жансейіт Түймебаев.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түркияның 45 жоғары оқу орнымен серіктестік орнатқан. 2022/23 оқу жылында университеттің 17 студенті



академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Түркияның жоғары оқу орындарында оқып келді. Оқу ордасының 36 оқытушысы, 81 PhD докторы және 20 магистр Түркияға арнайы барып, тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ ҚазҰУ-дың 100-ден астам оқытушысы мен



қызметкері екі жыл қатарынан, яғни 2021 ж. және 2022 ж. Анталия білім университетіне арнайы барып, кәсіби біліктілігін арттырып, тәжірибелерімен бөлісіп қайтқан болатын. Биылғы жаңа оқу жылында ҚазҰУ-ға Түркияның 66 студенті қабылданды.

Өз кезегінде Анкара әлеуметтік ғылымдар университетінің ректоры Муса Казим Арыджан екі университет арасындағы ынтымақтастықты дамытуға күш-жігерін салатынын атап өтіп, барлық бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

«Қазақстан біз үшін аса маңызды орын алады. Тәуелсіздік алған сәттен бастап елдер арасында берік достық қатынастар дамып келеді. ҚазҰУ мен Анкара әлеуметтік ғылымдар университеті арасындағы достық жаңа кезеңге көтерілді. Осыған байланысты біз серіктестіктің жаңа бағыттарына әрдайым ашықпыз», – деп атап өтті мейман.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Адамға араша түсу, әлсізді залымның қорлығынан қорғау, жәбір көргеннің сөзін сөйлеу тек соттың ғана емес, қолына қалам ұстаған әрбір қаламгердің де миссиясы іспетті екенін Әкім Тарази шығармаларын оқи отырып байқайсыз. Жазушының қай шығармасын алсақ та, ұдайы, тоқтаусыз жүріп жатқан тартыс, күрес, арпалыс. Кейде қазақы ауылдардағы салт-санадағы сорақылықтармен, кейде қатып қалған қасаң қағидалармен, кейде көңілге сыймайтын пікірлермен, кейде ұлттық мінездегі дерттермен, кейде тіпті адамзат қоғамында ойып орын алған қате түсініктермен күрес.

1988 жылы жазылған «Қорқау жұлдыз» романы осындай меніреу тобырға, қасаң жүйеге қарсы шыққан жалғыздардың драмалық күресіне арналған шығарма. Бір қарағанда бас кейіпкері жас, әдемі, сүйікті мамандығы бар, ақшадан еш тар-

кіріп тұрса, бұл шығармада драмалық жағдаятты қиындата түсіретін, эстетикалық уайымды арттыратын жайт. Әділдікті жақтаса, өз отбасын қаралағаны болады, ал отбасыныкін дұрыс десе, онда әділдікті өлтіреді. Қайтпек керек? Ары, жаны



кесіне тиіп, есіктің түбін тырналап, тықырлатып, мияулап мазасын алады. Есік ашқан Лиманы ашық айыптап, ұрып жібермейді де, тек шымшылап, жанына батырып қорлайды. Тұңғатарға да түрлі қитұрқылықтар жасап, жалған жала ұйымдастырады. Сотқа сүйрейді. Осынша қысымға, әділдіктің жеңіліп, зұлымдықтың жеңіп жатқанына шыдамаған Лима өзіне-өзі қол жұмсауға мәжбүр болады. Әрине, Лима өзін-өзі өлтірген жоқ. Оған моральдық зорлық жасау арқылы өзін-өзі өлтіруге итермеледі деуге болады.

Әкім Таразидің қалыпқа сыя бермейтін кейіпкерлері («Қызыл шаш қатын» әңгімесіндегі

Әкім Тарази шығармаларындағы күрес

лық көрмеген мұғалім қыз Лиманың өзін-өзі өртеуіне ешбір себеп жоқ секілді. Бірақ жазушы адам жанына терең үңіліп, өз-өзіне қол жұмсауға итермелейтін әлеуметтік, психологиялық жайттар мен типтердің ықпалын детальдар арқылы шынайы суреттегенде еріксіз иланасыз.

Шығармадағы тартыс өте шебер ұйымдастырылған. Проблеманың рухани-адамгершілік аспектісінде «тобырлық сана» мен «мәдени ақсүйектік» қарама-қарсы қойылады. Елден ерекше жөн айтып, дұрыс ойланатын адамның дұрыс сөзін, әрекетін қате деп тауып, бұрмалап, жабылып, жалғыз өзіне түрлі қысым жасау, айыптау, жалған жала жабу, қорқау қасқырша талап, шеттету, «ақыл жоқ көпке», тобырға тән сипат екені әу бастан белгілі. Мұндай кезде көпке қарсы тұрып, әділдікті жақтау қиынның қиыны. Оның үстіне таразы басында Лиманың өз отбасы, яғни жолдасы мен қайын жұрты

таза Лиманың бар кінәсі – әділдікті жақтауы, жалған сөйлей алмауы, ақты жақтап, жалғызға пана болуға ұмтылуы Лима мен жолдасының арасындағы конфликтіні ушықтыра түседі.

Лиманың жанын азапқа салып, оның бойынан жаңа сананың, жаңа түсініктің оянуына себепші болатын күрескер жан – ауылдық мұғалім Тұңғатар. Ол мықты ұстаздық дарыны бар, қазіргі тілмен айтсақ, нағыз креативті ұстаз. Мәселенің мәнін терең ойланатын, сондықтан да ізденгіш, өз бетінше шешім қабылдай алатын, сол шешімдер үшін жауап беруге дайын күрескер жан. Алайда мектеп басшылығына бұл қасиеттер керек емес. Оларға соңғы нәтиже емес, яғни баланың пәнді (орыс тілін) меңгеріп шыққаны емес, оларға мұғалімнің бағдарламадан ауытқымағаны, жоғарыдан сызылып, жатталған-тапталған жолмен жүргені керек, нәтиже бермесе де, түрлі ережелер мен теориялық материалдың өтілгені керек. Тұң-

ғатар өзінің сыни тұрғыдан сараптай алу қабілеті арқылы өз әдістемесін ұсынып, балаларды орысша түсініп, сөйлей алуға баулиды. Осы жерден жазушы Әкім Тарази шығармаларындағы «кассандралық бастау», яғни болашақты болжай алу қасиеті айқын көрінеді. Жазушы сонау 1988 жылы жазылған шығармасында қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасында енгізілген негізгі (әлі де таласты) принциптердің бірі, яғни теориялық ұғым-түсініктерсіз тілді меңгерту, коммуникация жасауды үйрету секілді идеялық сугессияны ұсынған.

Ал мәселенің символдық астарына үңілсек, Тұңғатар образы арқылы бүкіл бір жүйеге наразылық, яғни кеңестік кезең идеал тұтқан, жүр десе жүретін, тұр десе тұратын «тәртіпті адамға», стандартты ойлаудан аса алмайтын адам тұлғасына наразылық тұр. Менікі дұрыс деп, өзге пікірге құлақ аспайтын жүйе – жылт еткен жарықты жү-

тып қоятын алып қорқау жұлдыз секілді екені түспалдап берілген. Бұл жағынан келгенде «Қорқау жұлдыз» романының кеңестік жүйені сынға алатын Д.Оруэлдің «Мал қора», К.Воннегуттың «Гаррисон Берджерон» шығармаларымен ойы өзектес. Онда кеңестік кезеңнің кемшіліктері, күштеп теңестіру идеясы көрсетіліп, аллегория арқылы сатиралық, фантастикалық түрде сынға алынса, ал Ә.Тарази романында өзіндік ерекшелігі жоқ, стандартты адам мәселесі, жүйенің, уақыттың кереғарлығы ретінде реалистік әдіспен көрсетілген.

Лиманың жары Арасанбай психологиялық тұрғыдан улы (токсичный) жан. Оның істеген әрекеттері жымсықы, ол мәселенің бетін ашып айтып, ашық сөйлесуге, талқылауға ойы жетпейтін, тіпті ерекше әрекет етуге батпайтын жан. Сондықтан да психологиялық қысым көрсетудің шебері. Белмесіне тығылған Лимаға араздасып, неше түн бойына жүй-

анасын жарып өлтірген бала, «Жаза» романындағы жары мен балаларын өлтірген әке, «Қорқау жұлдыз» романындағы күйіні өзін-өзі өртейтін әйел, барлығы да) күнделікті елді дүрліктіретін жаңалықтарда менмұндалайтын бүгінгі күннің кейіпкерлері секілді. Жазушы шығармаларында осындай сұмдық жайттардың әлеуметтік, психологиялық астарын ақырындап, сақтықпен, байыппен, мәселенің мәнін үлкен байқағыштықпен ашып көрсетіп, болашаққа ескерту жасайтындай.

Дегенмен қаншама қорлықтың құрбандары болса да, жазушы соларға әрқашан араша болып, күрескерлердің жарқын идеясының өлмеуіне болысып отырады. Романың «Сенің қасіретің – менің қасіретім, Лима!» деп жанашырлықпен аяқталуы да сондықтан.

Еркінгүл СОЛТАНАЕВА,
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Үндістандағы біліктілікті арттыру шарасы

Үндістанның мәдени байланыстар кеңесінің ұйымдастыруымен әрі қаржыландыруымен Үндістанның Вардха қаласындағы М.Ганди халықаралық хинди университетінде өткен шетелдердегі хинди тілі оқытушыларының біліктілікті арттыру тренингі өтті.

Тренингке 22 елден 34 оқытушы жиналды. Қазақстан атынан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хинди тілі оқытушысы, PhD доктор Бота Бокулева қатысты. Курс барысында тіл теориясы, аударма мәселелері, хинди тілін оқыту әдістемелері, Үндістанның философиясы, әдебиеті, үнді мәдениеті, Үндістанның оқу жүйесі туралы дәрістер тыңдалды. Дәрістерді Аллахабад университетінің, Варанаси хинду университетінің, М.Ганди халықаралық хинди университетінің профессорлары оқыды.

Оқудан тыс күндері әлемдік мәдениеттің ошағы болған Аджанта және Элора үңгірлеріне саяхат ұйымдастырылды.



Курсқа қатысушылар университет аясында ұйымдастырылған Тәуелсіздік күніне арналған шараға қатысып, кейін Рамтек, Севаграм атты жергілікті мәдени орындарға саяхат жасады.

Одан кейін өткен материалдар аясында емтихан тапсырып, қатысушылар сертификат алды. Тренингтің жабылу салтанатына университет ректоры, проректорлар және ICCR директоры Тукин Кумар мырза қатысты. ICCR директоры Тукин Кумар оқытушылармен же-

ке отырыс өткізіп, әр елдегі хинди тілінің оқытылуына байланысты мәселелерді сұрап, шешуге тырысатынын айтты. Оқытушылар үшін осындай ерекше курсқа қатысуға мүмкіндік берген Қазақстандағы Үндістан елшілігі мен Свами Вивекананда атындағы мәдени орталықтың директоры Санджай Веди мырзаға алғыс білдіреміз.

Дариға КӨКЕЕВА,
шығыстану факультетінің оқытушысы

Алматы қаласы әкімдігі Жастар саясаты басқармасы мен университеттің Әлеуметтік даму және жастармен жұмыс жөніндегі департаментінің ұйымдастыруымен Халықаралық суицидпен күрес күніне орай, куратор-эдвайзерлерге арналған «Суицидпен күресу шаралары» атты семинар өтті.

Куратор-эдвайзерлерге арналған семинар

Суицид – бұл нақты психикалық проблемалардың салдары ғана емес, сондай-ақ ол адамға әсер ететін сан алуан әлемдік қауіп факторларымен байланысты жағдай. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша жыл сайын әлемде 800 мыңнан астам адам өз-өзіне қол жұмсайды екен.


Осы тренингте «Ақ жол» денсаулық сақтау жастар орталығының психологі Антон Лавров суицид себептері, оны байқау және дертпен күресу бойынша ақыл-кеңесін айтты. Суицидке әсер ететін жағдайлар ескертілді. Әсіресе құмар ойынға тәуелді болу, жастар арасындағы буллинг, өзіне көңілі толмаушылық салдарынан назар аудару мақсатында, жақынының қайтыс болуы, ауыр қаржылық қиындықтар немесе қорқыту (балаларда), алкогольге, есірткіге және басқа да орталық жүйке жүйесінің депрессанттарына тәуелділік болатыны баса айтылды.

Бұған қоса, мұндай жағдайға көбіне жастар әуес екені, олар өзіне назар аудару мақсатында осындай қадамға баратыны баяндалды. «Сіздер жастармен тікелей жұмыс істейсіздер, оларға үлгісіздер. Студенттерді рухтандырып, оларға мотивация бере отырып тәрбиелеу, түрлі мәселелерді икемді жеткізе білу, түйінді мәселені шеше білуге үйрету – сіздердің қолдарыңызда. Мұндай қадам жастардың өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерінің алдын алуға мүмкіндік береді. Әсіресе 1-курс студенттеріне аса көңіл бөлу керек. Оқыту, білім беру, тәрбиелеу үлкен жауапкершілік әрі сауапты іс болғандықтан, сіздердің батыл да жауапты іс-әрекеттеріңіз қиындықтардың сөзсіз алдын алады», – деді жас психолог Нұрғұл Таным.

Еңлік ҮСІПБЕКОВА,
химия факультетінің оқытушысы

Вебинарда ауқымды тақырып қамтылды

География және табиғатты пайдалану факультетінің Метеорология және гидрология кафедрасында еліміздегі маңызды тақырыптардың біріне орай, «Қазақстандағы климаттың өзгеруіне және оның салдарына қарсы күрес жөніндегі ағымдағы және жоспарланатын шаралар» тақырыбында тұрақты даму мақсаттары бойынша вебинар өтті.



Метеорология және гидрология кафедрасы ұйымдастырған вебинардың негізгі мақсаты климаттың өзгеру мәселесіне, оның салдарымен күресуге жоспарланатын шаралар туралы ауқымды тақырыптарды қамтыды. Климаттың өзгеруі адам өмірінің көптеген аспектілеріне ықпал әсерін ескерсек, бүгінде бұл – дамудың маңызды мәселелерінің бірі.

Осы орайда, спикер, ҚазҰУ докторанты Зуфар Тоқпаев «Қазақстандағы климаттың өзгеруіне және оның салдарына қарсы күрес жөніндегі ағымдағы және жоспарланатын шаралар» тақырыбында өз жұмысын ұсынды. Онда климаттың өзгеруінің алдын алуда Қазақстан БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемілік конвенциясының, оған Киото хаттамасының және 2021 жылдан бастап Киото хаттамасын алмастыратын Париж келісімін ұстанатынын, парникті газдардың тасталымдарын азайту үшін қабылданған шаралар, сонымен қатар дамыған энергетика, ауыл шаруашылығы, көліктерден шығарылатын қалдықтарды азайтуға арналған шаралар мен жоспарланған іс-әрекеттер туралы жан-жақты айтып өтті.

Вебинарға қатысушылар да өздерін мазалаған сұрақтарға жауап алып, конференция соңы пікірталасқа ұласты.

Вебинарды аяқтай отырып, Метеорология және гидрология кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары, география ғылымының кандидаты Айман Нысанбаева Қазақстандағы климаттың өзгеруі мен оның салдарына қарсы күрес жұмыстарының маңыздылығын атап өтіп, дәрісті қорытындылады.

Айкерім КЕРІМҚҰЛ,
Метеорология және гидрология кафедрасының оқытушысы

Қазір әлемдік жаһандану өте жылдам және күрделі жағдайда дамуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған жолдауында су ресурстары және ирригация министрлігін құруды тапсырды. Бұл өз уақытында қабылданған стратегиялық шешім деп қабылдаймыз. Себебі су ресурстарын тиімді, үнемді пайдалану мемлекетіміздің ұлттық экономика салаларын дамытудағы үлкен маңызды орынға ие болып отыр. Адам күнделікті тұрмыс тіршілігінде су ресурстары ауқымды түрде пайдаланылады. Су – баға жетпес табиғат байлығы. Жер жүзіндегі барлық тіршілік суға байланысты. Сусыз тіршілік болуы мүмкін емес. Су – адам және жануарлар денесінде қажетті түрде кездесетін құрамды бөлік. Ересек жануардың жалпы массасының 45-70 пайызы, ал адам мен жануарлар эмбриондарының 97 пайызы судан тұрады.

Су ресурстарын ұтымды пайдаланудың экономикалық мүмкіндіктері

Бүгінгі кезде еліміздің ұлттық экономика салалары су тапшылығын сезінуде. Қазақстан Республикасының 17 облысындағы 6300 елді мекеннің 65-70 пайызы шөл және шөлейтті аймақта орналасқандықтан, 19,8 млн халықтың жан басына шаққанда сумен қамтамасыз етілуі жағынан Орталық Азия елдерінде ең соңғы орында тұр. Су ресурстарымыз негізінен басқа мемлекеттерден бастау алады: ҚХР (Ертіс, Іле), Орталық Азия елдерінен (Сырдария, Талас, Шу), Ресейден (Еділ, Жайық) трансшекаралық өзендер арқылы келеді.

Зерттеу деректеріне сүйенсек, Қазақстан Республикасының су ресурстарының көлемі 90-100 текше км құрайды. Оның ішінде 50,8 текше км – жергілікті ағын, ал қалғаны – 39,2 текше км. Жерасты суларының қоры жылына 15,5 текше км құрайды. Елімізде көптеген суқоймалар бар: Бұқтырма, Көксарай, Нұра, Қапшағай, Тасөткел, Теріс-Ащыбұлақ, Шар, Шардара т.б. Бұлардың ел экономика салалары үшін тигізіп жатқан пайдасы өте үлкен.

Бүгінгі кезде еліміздегі ауыл шаруашылығындағы суармалы жерлердің ауданы 1,8 млн га, 2025-2030 жылдарға қарай 3 млн жеткізу жоспарланып отыр. Суармалы жерлердің 80 пайызы негізінен оңтүстік экономикалық аудандағы бес облыста орналасқан: Жетісу, Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда. Қазақстан Республикасындағы су ресурстарының шектеулілігі және климаттың өзгеруіне байланысты мұздықтар қорының азаю үрдісінің күшеюі оны ауыл шаруашылығында тиімді пайдалануды қажет етеді.

Мемлекетіміз индустриалды-аграрлық мемлекет. Елімізде егістік жерлердің аумағы – 24 млн гектар, жылына орташа есеппен 17-20 млн тонна аралығында астық жиналады, оның 7 млн тоннасы ішкі қажеттілікке және 8-10 млн тоннасы экспортқа жіберіледі. Бүгінгі күні еліміздің өңірлерінде 17 тәжірибе станциясы өсімдік және мал шаруашылығы салалары бойынша өздерінің ғылыми зерттеулерін жүргізіп, оң нәтижелерін өндіріске ұсынуда. Мысалы, жаңа асылтұқымды қойдың түрін шығаруға 10-15 жыл, көкөністің сұрпын шығаруға 11-12 жыл уақыт кетеді екен.

Ауыл шаруашылығы саласында дақылдардың шығымдылығы су ресурстарына тікелей тәуелді, яғни су ресурстарын пайдалануда озық инновациялық технология мен ұтымды әдістерді қолданғанда ғана дақылдардың шығымы өседі және ауылшаруашылық құрылымдарының тиімділігі артады, аймақтағы флора мен фаунаның саны мен түрі азаймай, тұрақты экожүйе қалыптасады. Еліміздегі су ресурстарының аздығы ауыл шаруашылығын дамытудағы ең басты тежеуші фактор болып тұр.



Мемлекетіміз индустриалды-аграрлық мемлекет. Елімізде егістік жерлердің аумағы – 24 млн гектар, жылына орташа есеппен 17-20 млн тонна аралығында астық жиналады, оның 7 млн тоннасы ішкі қажеттілікке және 8-10 млн тоннасы экспортқа жіберіледі.

Су ресурстарын үнемді пайдалануда инновация нәтижелерін пайдалануға бет бұру қажеттілігін алға тартып отыр. Үнемдеу шаралары ағымдағы жағдайды бағалауға негізделуі керек. Ауыл шаруашылығында суармалы суды пайдаланудың экономикалық және экологиялық тиімділігін арттырудың мәселелері мен жолдарын қарастыру міндеті тұр. Суды пайдалану тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлар талдалып, нақты анықталуы тиіс. Еліміздің суды пайдаланудың негізгі мәселелерін шешу кешенді тәсілді, оның ішінде басқару мәселелерін, инвестициялық қажеттіліктерді анықтауды, су пайдаланушылар қауымдастығының институционалдық әлеуетін күшейту бойынша шараларды, 252 191 шаруа қожалықтары мен фермерлердің егіншілік мәдениетінің деңгейін арттыруды талап етеді. Фермерлерді су үнемдеу технологияларын енгізуге ынталандыру және суды көп қажет ететін дақылдарды өртараптандыру болып отыр.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы секторларының жедел дамуы және экспорттық әлеуеттің өсуі еліміздің агроөндірістік кешеніне инновациялар енгізуіне жүйелі әспайды. Еліміздегі аграрлық саясаттың басты мақсаты – сапалы экспортқа бағытталған азық

түрлерін дайындау. Енгізілетін инновациялар, яғни «ақылды технологиялар» агроөндірістік кешеннің дамуына серпін беруге тиіс. Аграрлық ғылымды дамытуда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің инновациялық деректер базасын құру платформасына тікелей қатысуда.

Ауылшаруашылық саласындағы су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттырудың мына бағыттарына басымдық беру керек: суды аз қажетсінетін дақылдарды өсіру, тамшылатып

суғару; дақылдар мен мал түрлерін және тұқым шығаруда отандық зерттеулердің нәтижелерін пайдалану, ауылшаруашылық кооперативтерін мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру, инновациялық (шикізатты терең өңдеу) жол карталарын және цифрландыруды одан әрі дамыту; жерасты суларын алу тәртібін реттеу; су алу скважиналарын территория бойынша ұтымды орналастыру; судың пайдалану қорының көрсеткіштерін анықтау; өз еркімен жер бетіне судың шығуын қамтамасыз жасайтын артезиан скважиналарын орнату; экономика салаларын сумен қамтамасыз етуді талдау және бағалау, кемшіліктерді анықтау және оларды жою жөніндегі шараларды анықтау; су ресурстарының қолда бар көлемін, олардың сапасын және оларды пайдалану құқықтарының болуын айқындау; су тұтыну, су беру және су қорғау технологияларын жетілдірудің негізгі бағыттарын әзірлеу; су ресурстарын қорғау мен ұтымды пайдалану жөніндегі басқа да тиімді шараларды жүзеге асыру кезінде оларға несие және өзге де жеңілдіктер беру; қоғамдық қорлар құру және оларды су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау үшін пайдалану. Су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғаудың бекітілген бағдарламаларын әзірлеу және қаржыландыру.

Келтірілген су ресурстарын ұтымды пайдаланудың бағыттары еліміздің ұлттық экономика салаларын дамытуға негізделген. Менеджмент кафедрасының профессор-оқытушылары Мемлекет басшысының ел экономикасы дамуының басым бағыттарын анықтаған жолдауын қолдай отырып, оны іске асыру бағытында барлық біліміміз бен тәжірибемізді жұмсаймыз.

Оңалбек АБРАЛИЕВ,
Менеджмент кафедрасының профессоры, экономика ғылымының докторы



Тұлға тудыратын басылым

«Qazaq universiteti» газеті маған студент кезімнен-ақ ыстық. Ұстазымыз Көкен Қамзин бас редактор болып тұрғанда алғашқы өлеңдер топтамамды басып, оған аңыз тұлға Темірбек Қожакеевтің өзі сын айтқаны әлі есімде. Тіпті республикалық газеттердің өзі басудан бас тартқан сыни материалымды да «Qazaq universiteti» жарқ өткізіп шығарып, ол да жадымда жатталып қалған өді. Осыдан-ақ бұл басылымның жастар өмірінде қандай маңызға ие екенін байқаймыз. Кейін оның тізгінін бес жыл өзім ұстаймын деген ой үш ұйықтасам түсіме де кірмепті...

Кез келген мекеме үшін корпоративтік газеттің маңызы өте зор. Оның қадірін түсінбейтіндер баспасөздің ақпараттық әрі үгіт-насихаттық рөліне де назар аударма бермесі анық. «Ұжымдық басылым» дегенде, ел арасында «оның аясы тар, ауқымы мен көтерген тақырыбы өз «пұшпақтары», троллейбус пен трамвай секілді тиесілі аумағынан өзге жаққа аттап баса алмайтын газет» деген «миф» қалыптасқан. Бірақ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Qazaq universiteti» газеті ондай басылымдардың қатарынан емес. Өйткені «Qazaq universiteti» – жаңалықты жасайтын газет, оқиғаны тудыратын ақпарат көзі.

«Qazaq universiteti» талай ректорды көрді ғой. Газеттің бас редакторлығын белгілі ақын, журналист Бекжан Әшірбаевтан қабылдап алғаннан кейін мен үш ректормен жұмыс істедім. Олар – Төлеген Қожамқұлов, Бақытжан Жұмағұлов, Ғалымқайыр Мұтанов. Төлеген Қожамқұловтың кезінде басылымның мән-мазмұнын арттыруға танымал ұстазымыз, университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Намазалы Омашев тікелей жауапты болды. Одан асып ешкім газетке қол сұға алмайтын. Ақпараттық технологиялық тұрғыдан редакцияның мүмкіндігін дамытуға мұрындық болған Нәкең қоғамдық-саяси тұрғыдан басылымның иісі мен киюын еш қателікке ұрындырған жоқ.

Бақытжан Жұмағұлов «Qazaq universiteti-нің» беделін көтеруге жоғары деңгейде күш салды. Осыны пайдаланып біз университетте «Ректор «Егемен Қазақстаннан» бұрын «Qazaq universiteti-н» оқиды» деген көзқарас қалыптастырдық. Рейтингке кіргіздік.

Ғалымқайыр Мұтановқа келер болсақ, ол газеттің қоғамдық-саяси құндылығын арттыруға көп мүмкіндік берді. Айына шығатын басылымды осы кезден бастап апталық газетке айналдырып, тарих тігіндісіне жаздық, шежіресін молайттық. Сол кезден бастап «Qazaq universiteti» апталығына мақала табылмай қалады деген қауесет жоққа шықты. Әрине, соған орай, газеттің де жауапкершілігі артты. Ректоратта талқыланды мәселелер мемлекеттік деңгейдегі тақырыптармен қатар, факультетке, әрбір кафедра мәжілісіне жедел жету үшін газетті дүйсенбі күні түнде бастық. Сейсенбі күні басылым кафедралар мәжілістерінің тақырыптарына тұздық берді. Сол күні жоспарлы түрде сағат 15:00-де өтетін жиналыстарға оперативті түрде жеткізілуін қамтамасыз еттік.



